



Бекітемін  
Алматы облыстық  
білім беруді дамыту оқу-әдістемелік  
орталығы директоры  
А.Ж.Қабдұлова  
2021 ж

**«Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру: тәжірибе, мәселе және болашағы» сырттай облыстық тәжірибелік Интернет-конференцияны өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ереже**

1. Осы «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру: тәжірибе, мәселе және болашағы (авторлық бағдарламалар жинағы)» атты тәжірибелік Интернет-конференцияны (әрі қарай – Конференция) өткізу Ережесі оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.
2. Мақсаты: педагог-психолог, логопед, дефектологтардың шығармашылық потенциалын көтеру, шеберлігін шыңдау; озық іс-тәжірибені насихаттау.
3. Міндеттері:
  - педагог – психолог, логопед, дефектологтарға ғылыми-теориялық, әдістемелік көмек көрсету;
  - кәсіби шеберліктерінің өсуіне ықпал ету;
  - білім беру ұйымдарындағы түзету-дамытушылық көмектің жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін қолдану;
  - педагог-психолог, логопед, дефектологтардың, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация педагогтарының кәсіби деңгейін көтеру мақсатында озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау және тарату.
4. Конференцияны облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.
5. Конференцияны өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті және ұсынылған жұмыстарды сараптау үшін Сараптау комиссиясы құрылады.

**II. Конференцияға қатысу тәртібі:**

1. Конференцияға облыстағы білім беру ұйымдарының және мектепке дейінгі ұйымдарындағы педагог-психолог, логопед, дефектологтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация педагогтары қатыса алады.
2. Конференцияны ұйымдастыру форматы – **сырттай қатысу.**

**III. Педагогикалық оқулардың басым бағыттары:**

- **Орта білім беру мекемелеріндегі педагогикалық-психологиялық түзету-дамыту қосымша қызмет ретінде (орта білім беру ұйымдарының педагог-психолог, логопед, дефектологтары);**
- **Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық қабілетін дамыту ерекшеліктері (мектепке дейінгі ұйымдар педагог – психолог, логопед, дефектологтары);**

- **Диагностика, түзету-дамыту бағыттарында жеке тұлғаға бағытталған жаттығулар жиынтығының ерекшелігі** (психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация педагогтары).

*Конференцияның мақсат-міндеттеріне сәйкес қатысушы педагог-психолог, логопед, дефектологтар жұмыстарын баяндама, түзету-дамыту жұмысының жоспары түрінде ұсына алады (авторлық бағдарлама тезисі).*

#### **IV. Ұсынылатын материалдардың өлшемдері:**

##### **4.1. Бағалау критерийлері:**

- Тақырыптың өзектілігі мен мазмұнының айқындылығы.
- Жаңашылдығы мен тәжірибелік мәні.
- Автордың педагогикалық теорияларды білуі және оларды тәжірибеде қолдануы; Баяндаманың рәсімделуінің талаптарға сай болуы.
- Жұмыстың практикалық маңыздылығы (*Ұсынылған жұмыс істің нақты жағдайын жақсы жаққа өзгертуге қаншалықты мүмкіндік береді. Практикаға енгізу үшін не ұсынылады.*)

##### **V. Жұмыстың рәсімделуіне қойылатын талаптар.**

Көлемі: компьютермен терілген 5 бетке дейін (парақ форматы А-4, Word for Windows, шрифт Times New Roman, кегль 14, әрбір жол аралығы – 1,5, жиектері – 2 см). Әдебиеттердің тізімін мәтіннің соңында орналастыру қажет. Мәтінде әдебиеттердің сілтемелері тік жақшалармен рәсімделеді [1].

Беттің үстіңгі жағында жолдың ортасынан қалың бояулы қаріп жазылған баяндама атауы, оның астынан бір қатар аралық талаппен автордың тегі, аты-жөні, аудан, қаласы, жұмыс орны, содан соң бір аралықтан кейін негізгі мәтін беріледі. Қолданылған әдебиеттер тізімі болу тиіс.

Конференцияға қатысу үшін мақаланы **2021 жылғы 20 мамырға** дейін электронды түрде мына мекен-жайға: **Талдықорған қаласы, Мүшелтой ықшам ауданы, 144, Облыстық білім беруді дамыту оқу әдістемелік орталығы** немесе [dinara.kydykenova@mail.ru](mailto:dinara.kydykenova@mail.ru) электрондық мекен жайына материалдарды жолдауларыңызды сұрайды. Белгіленген уақыттан кеш түскен материалдар қарастырылмайды. Келіп түскен жұмыстар рецензияланбайды, иесіне қайтарылмайды.

Орындалған жұмыс пен сұраныс (1-қосымша) жеке файлдарда рәсімделуі керек. Педагогикалық оқуларға қатысушылардың авторлық құқықтары сақталады, ұйымдастырушылар материалдарды басып шығаруды міндетіне алады. 2021 жылғы 20-24 мамыр аралығында материалдар сараптау комиссиясымен іріктеледі. 2021 жылы 27-31 мамыр аралығында сараптаудан өткен материалдар ғана жинаққа енгізіледі. Авторлық құқықтардың сақталуына авторлардың өздері жауапты, ол қатысушы сұранысымен расталады.

##### **Конференция қорытындылары**

Сараптаудан өткен баяндамалар жинақ кітапшаға ензіледі.

##### ***Авторлардың назарына!***

Материалдар барлық талаптарға сәйкес мұқият өңделуі керек. Рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған жұмыстар тәжірибелік Интернет-конференция

материалдарының жинағына енгізілмейді және авторларға қайтарылмайды.

1-Қосымша

Конференцияға қатысуға сұраныс

1	Автордың аты-жөні (толық)	
2.	Жұмыс орны	
3.	Қызметі	
4.	Мақаланың атауы	
5.	Байланыс телефоны	
6.	E-mail	

*Қатысқаныңызға рахмет!*

Орын.: Д.Қыдыкенова  
8 7282 25 05 21  
8 747 846 92 20